

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
29.04.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 29.04.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

**ЕРМАН М.Т.** Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасының тұжырымдамасы ағымдағы жылдың 15 қаңтарында өткен Мәжілістің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы қабылдаған Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын іске асыру үшін дайындалды.

Заң жобасының негізгі мақсаты мемлекеттің қорғанысқа және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге дайындығы жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасының соғыс жағдайы саласындағы заңнамалық актілерін әскери қақтығыстар сипатындағы әлеуетті әскери қатерлерге және өзгерістерге сәйкес келтіру болып табылады.

Жұмыс барысында депутаттар мынадай түзетулерді енгізді:  
мемлекеттің қорғаныс жоспарының құжаттарын мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтерге жатқызу;

«Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспары» ұғымын енгізу;

Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс жоспарын іске асыру жөніндегі құжаттарды әзірлеу бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыретін бекіту;

қорғаныс жоспарын және оны іске асыру жөніндегі құжаттарды әзірлеу бойынша мемлекеттік органдардың құзыретін нақтылау;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаныс кеңесінің құзыретін нақтылау;

әскери кафедраларда сержанттық құрамның әскери оқытылған резервін даярлау.

Аталған заң жобасын қабылдау соғыс жағдайы кезеңінде мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тетігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жұмыс тобына мүше депутаттар мен Қорғаныс министрлігіне заң жобасымен жұмыс істеуге белсенді қатысқаны үшін алғысымды білдіргім келеді.

Осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Тілдәбекұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті. Оны жаңа ғана Мұхтар Тілдәбекұлы бізге жеткізді, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 80, «жақтағандар» – 80. Шешім қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
Белгінің сендер менгерудің  
Маші Н. Шайындау.*